



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

мемлекеттерге қылмысты алдын алуға және қылмыскерлерді жазалауға, жеке басының жауаптылығы қарастырылған.

Көптеген елдер конвенцияны қабылдап, ратификациялағаннан кейін өздерінің қылмыстық кодекстеріне геноцид бабын қосқан. ҚР қылмыстық кодексінің 168-бабында Геноцид, этностық, ұлттық, нәсілдік немесе діни топтың және осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зиян келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп беріп жіберу, күштеп көшіру не осы топтың мүшелерін қырып-жою мақсатында өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана іс-әрекеттер деп анықтама берілген, ол үшін 15-20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ресей Қылмыстық кодексінің 357-бабында Геноцид үшін он екі жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе өлім жазасы тағайындалады. Франция қылмыстық кодексінде 211-1 бабында, бұған депортациялау, құлдық, ұрлау, азаптау немесе діни негіздер бойынша жасаған қатыгездікпен жасалған қылмыстарды айтамыз. Ал Қытай, Индия, Индонезия және Түркия мемлекеттерінің қылмыстық кодексінде геноцидке бап арналмаған.

Геноцид - бір ұлтты немесе этникалық топты жоюды білдіреді. Жалпы геноцид міндетті түрде ұлтты дереу жоюды білдірмейді. Керісінше, ол үйлестірілген іс-қимыл жоспарлары бойынша, топтардың өздерің жою мақсатында, олардың өмір сүру негіздерін жоюға бағытталған іс-әрекеттер. Мұндай іс-әрекеттерге саяси және әлеуметтік институттардың, мәдениетің, тіл мен діннің жоюына бағытталған әрекеттерді жатқызуға болады, сондай-ақ осы топқа жататын адамдардың жеке қауіпсіздігің, еркіндігің, қадір-қасиетің және өмірің айыруды жатқызамыз.

Осы қорытындылар негізінде біз мынадай тұжырымдауға береміз: геноцид - кемсітушілік түрінде ең ауыр қылмыс болып табылады. Әр адам оның нәсіліне, терісінің түсіне, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де нанымна, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүлктік жағдайына қарамастан құқықтары мен бостандықтары тең болып табылады және оларды кемсітуге жол берілмейді.

Тәуелсіздіктің 26 жыл ішінде Қазақстан барлық әлемге үлгі болып, 130-дан астам түрлі ұлт өкілдері бейбітшілікпен келісімде өмір сүруі мүмкін екенін көрсетті. Ол әрине біздің Елбасымыздың саясатының арқасында деп айтуға болады. Қазақстан осы даму жолында тамаша үлгісін көрсетті.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014 жыл
3. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы 9 желтоқсан 1948 жыл
4. Нәсіл және нәсілдік нанымдар туралы Декларация 27 қараша 1978 жыл
5. Қылмыстық құқық Ерекше бөлім А.Н.Ағыбаев
6. Халықаралық құқық Колосов Ю., Кузнецов В.
7. Халықаралық қылмыстық құқық Лукашук И.И., Наумов А.В.

ӘОЖ 243.2/.7

АЛАЯҚТЫҚ – БҮГІНГІ КҮННІҢ ҚАУІПТІ ІНДЕТІ

Ендіберген Мұхтар Бекболатұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекші – Ж.Д. Сеилханов

Бүгінде Қазақстанда құқық қорғау органдарының сапалы жұмысы нәтижесінде қылмыстар біршама азая бастады, алайда көптеген меншікке қарсы қылмыстардың, соның

ішінде алаяқтық жолмен ұрлау сынды қылмыстар азаяр емес.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан экономикалық және саяси салалардағы түбегейлі өзгерістер қоғамдағы дағдарыс құбылыстарын туғызып, тиісінше жағдайға сәйкес құқықтық қайта құруды талап етеді, Қазақстан Республикасының заң шығару жүйесі де белгілі дәрежеде дағдарысты бастан кешуде. Құқықтық реформа нарықтық экономика талаптарына сай емес, көп жағынан кенжелеп келеді.

Әрине, қоғамдағы дағдарыс заң шығару құқық қолдану қызметінен де көрініс табады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 6 бабының 1-ші тармағында көрсетілгендей “Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалатыны” туралы маңызды қағида бар. [1]

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды, меншік түрлерінің бірдей екендігі айтылып ғана қоймаған, оған мемлекет тарапынан кепілдік берілген. Қолданылып жүрген заңдарда жеке еңбекпен байланысты және меншік иесінің жеке басының мүдделеріне мақсатты түрде арналған өзіндік меншік туралы түсінік жоқ. Меншік түрлерінің тең екендігі бірдей құқықтық қорғау дегенді ғана емес, мемлекеттің ерекше меншігінде болатын кейбір объектілерді есепке алмағанда, меншік құқықтық объектілердің теңдігі де қорғалған деп түсіну қажет.

Меншіктің барлық түрлерін бірдей қорғау дегеніміз меншік құқығы бұзылған жағдайда бірдей негізде, оның ішінде қылмыстық жауапкершілікте бар, жауапқа тартылады. Алайда, меншікке қарсы бағытталған қылмыстар үшін қылмыстық жауашершілік 1959 жылғы Қылмыстық кодексте Конституцияға да, басқада нормативтік құқықтық актілерге де, қазіргі құқықтық идеологияға да сәйкес келмеген болатын. Жалпыға мәлім, 1959 жылғы ҚК социалистік меншікті Кеңес қоғамының экономикалық негізі деп қарап, оны алдымен және күшті қорғауға бағытталған. Оның мәнісі мынада еді: біріншіден, социалистік меншікке қарсы және өзіндік меншікке қарсы қылмыстар кодекстің әртүрлі салаларында болды; екіншіден, өзіндік меншікке қарағанда социалистік меншікке жасалған қастық неғұрлым кең және тәтпіштеп қарастырылды; үшіншіден, жеке меншікке жасалған қастықтан гөрі социалистік меншікке жасалған қастық қатаң жазаланды.

Ал, ҚР ҚК мұндай тұжырымдар жоқ. Қазақстан Республикасындағы меншік түрлерінің бәрі бірдей қорғалады.

Меншікті қорғау қылмыстық заңның маңызды мәселесі болып табылады және заңдылық сақтаудың кепілі ретінде есептеледі.

Меншікке қарсы жасалған қылмыстардың бір саласы алаяқтық болып табылады. Тонау, қарақшылық, ұрлау т.с.с. қылмыстарға қарағанда сот тәжірибесінде алаяқтық көп орын алмайды, бірақ оның қоғамға өте қауіпті екендігі рас. Өйткені, бөгденің мүлкін иемдену үшін алдау-арбау тәсілдері қолданылады. Ал, мұндай шаруа белгілі бір дәрежеде алдау-арбауға қабілетті адамдардың ғана қолынан келеді. Ұрмай-соқпай, басқадай қылмыс жасамай, мүлікке иемдену шын мәнісінде қауіпті қылмыс.

Сонымен бірге, алаяқтық - өзіне тән белгілері бар күрделі қылмыстардың қатарына жатады. Әдетте бұл қылмысты азғындаған адамдар, алдаудың алуан түрлі амалдарын қолданып жасайды. Сондықтан да алаяқтық үшін заңда қатаң жаза белгіленген.

А.Н. Ағыбаевтың пікірі бойынша алаяқтық жолмен алдау дегеніміз шындыққа жатпайтын фактілерді көрнеу бұрмалап, жалған хабар беру, мәлімдеме жасау, жалған құжаттар көрсету арқылы өзін құқық қорғау органының қызметкері етіп көрсету, әр түрлі келісімдер бойынша бұйымның, заттың саны, сапасы, бағасы жөнінде көрінеу шатастыру, жалған сенім хаттар көрсетіп, басқа біреуге тиесілі қаражатты немесе мүлікке құқықты алу, осындай әдістермен біреудің үйін, көлігін және басқа мүлкін сатып, айырбастап жіберу, т.б. болып табылады. Мұндай реттерде жасаған құжаттарды пайдалану алудың бір тәсілі болып табылғандықтан кінәлінің іс-әрекеті Қылмыстық кодекстің 385 – бабымен қосымша саралануға жатпайды. Алаяқтың жалған құжаттарды пайдалануы көп реттерде заңсыз зейнетақыны, жәрдемақыны, басқада төлемдерді алуда жиі пайдаланылады. Кінәлі адам осы құжаттарды пайдалану арқылы алаяқтықпен алдауда өзінің жасы, денсаулық жағдайы, еңбек

стажы, орташа айлық, жылдық табысы туралы жалған мәліметтер енгізеді. Мұндай реттерде жалған құжаттарды кінәлінің өзі жасаса, онда оның әрекеті қосымша Қылмыстық кодекстің 385 – бабымен саралануға жатады.[2]

Яғни алаяқтықпен жасалған қылмыстар үшін жазалардың санкциясын қатаңдатып, диспозицияларды дұрыс таңдай білу керек. Тек қана алаяқтық үшін ғана емес сонымен қатар басқада қоғамға қауіпті әрекеттер үшін жазаның қатаңдау түрлерін қолдану керек. Соттың экономикалық аясындағы қылмыстар жөніндегі істерді тергеу мен қарау процессінде оларды алаяқтықтан ажыратуға байланысты мәселелердің пайда болуы жиі кездеседі және ҚР қылмыстық кодексінің басқа баптары бойынша қосымша саралауды жүргізуді қажет етеді. Осы қылмыстарды дұрыс шешу үлкен теориялық және тәжірибелік мәнге ие болады.

Қазір алаяқтық тіпті азаматтық құқықпен де тығыз ұштасқан белгілі бір заем, мердігерлік, сатып алу – сату шарттары және т.б шарттарды жасау арқылы алаяқтық жасау. Дегенмен бұл әрекеттер соттылығы бойынша блонкеттік диспозиция арқылы қылмыстық кодекспен сараланып қылмыстық сот өндірісіне жіберіледі.

Алдау тұралы ниетің пайда болуы азаматтық құқықтық шарттарға отыру кезінде жалған кәсіпорынды құру куәләндыруы мүмкін. Нақты шарттың жа салуы жүзеге асқанына көзі жеткен бірақ жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған айыптының іс-әрекеті мүлікті иеленуге дейін және иеленгеннен кейін, оны қайтарып беруден жалтару жолдарын жеңілдетуге бағытталған.[3]

Мәмле жасау кезінде алдау және өзіне алған міндеттердің толық материалдық қамтылған тұралы жалған мәліметтер беру, яғни өзінің тұрмыстық жағдай ын, қаражат жағдайын жоғарлату жолымен тәуекелге бел буады,бірақ болашақта несиені төлеуді мақсат етеді – бұл жағдай алаяқтық қылмысы болып саналмайды.

Қазіргі таңда қоғамда алаяқтықтың көптеген түрлері кездеседі және біз бұны сот өндірісіне келіп түскен істердің көптігінен байқаймыз. Интернет алаяқтық, несие алып орнына кепіл ретінде жалған мүліктің құжатын қалдырып кететін алаяқтық, пәтер сатуға байланысты алаяқтық, ұялы телефон арқылы алаяқтық біздің қоғамның шешімін таба алмай жүрген індеттерінің бірі болып отыр.

Интернет алаяқтық пайдакүнемдік ниет және мақсатпен орындалады. Интернет алаяқтықтың құрбаны болып көбінесе ірі мекемелер мен компаниялар кездеседі. Мекемеге қатысы бар белгілі бір материалды интернет алаяқтар арқылы келесі бір мекеме өз пайдасының қамы үшін жүзеге асырады.

ҚР Бас Прокуратурасының мәлімдеуі бойынша:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми сайтынан жалған хаттар заңсыз түрде азаматтарға таратылған, дегенмен мұндай хатты прокуратура органы дайындамағанын және таратпағанын хабарлаймыз. Ақпарат таратылған электрондық пошталар прокуратура органдарына тиесілі емес.

Мұндай хаттарды алған жағдайда оларды ашпауға кеңес береміз, өйткені оларды алаяқтар қылмыстық мақсаттарда пайдаланып отыр. Сондай-ақ файлдарда компьютер иесінің мәліметтер базасын басқаруға мүмкіндік беретін зиянды бағдарламалар болуы мүмкін.

Сондықтан Бас прокуратура азаматтарға мұқият болуды және алаяқтардың арбауына түсіп қалмауды сұрайды [4].

Міне осындай алаяқ хакерлер мен арам пиғылдылардың кесірінен елімізде көптеген құқықтық қатығыстар орын алуда.

Ал пәтер алаяқтарына келер болсақ өзгенің сеніміне қиянат жасап, арзан бағада пәтер алып береміз деген жалған сөздермен алаяқтықты жүзеге асырады. Осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасағанда жәбірленуші қаражатты қылмыскере оған сеніп өз қолымен тапсырады. Алданып немесе сеніп қалған қаражат иесі немесе өзге де заңды иеленуші қылмыскерге мүлкін өз еркімен тапсырады.

ҚР прокуратурасының талдауы көрсеткендей, соңғы уақытта пәтерге байланысты алаяқтық әрекеттер жиілеп кетті.

2015 жылы республика бойынша пәтерлерді және үйлерді сатумен байланысты

алаяқтықтың 700-ден астам фактісі тіркелген.

Ағымдағы жылдың 3 айы ішінде осындай сипаттағы фактілер бойынша 519 сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмысы басталды.[5].

Бұл мақалада біз алаяқтықтың бірнеше түрін ғана көрсеттік, ал қазіргі заманда олардың түрлері өте көп. Жылжымайтын мүлікке қатысты мәміле жоспарлау барысында, әр адам өзін алаяқтардан қорғау туралы ойлануы керек. Ол үшін жылжымайтын мүлік объектісінің бағасына назар аударған жөн, өйткені пәтерлер тым арзанға сатылмайды. Ең алдымен басты назарды адамдарға емес, құжаттарға аудару қажет. Барлық құжаттар рет-ретімен толық болуы керек және сізге мәміле алдында берілуі міндетті. Сонымен қатар барлық жағдайда құжаттардың түпнұсқасын талап етіңіздер. Пәтер алаяқтылығы аңыз емес! Сондықтан арзан бағаның соңына ілесіп кетпеңіздер, бұл алаяқтардың құрған тұзағы. Сіз неғұрлым қырағы болсаңыз, онда соғұрлым қауіпсіз әрі тыныш боласыз.

Қолданылып келе жатқан Қылмыстық кодекстің 190-бабында алаяқтық үшін жауапкершілік алаяқтық жасау жолымен меншікті ұрлау деп көрсетілген.[6].

Алаяқтық үшін қылмыстық жауапкершілік мәселелерін зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы бар. Қылмыстық құқық ғылымы қылмыстық заңдарды дұрыс қолдануға көмектесетін құқықтық мәселелерді саралап, пайымдауы қажет.

Мемлекетіміздің қолданылып жүрген қылмыстық заңында меншікке қарсы қылмысқа тиісті баға берілген, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 6 тарауында меншікке қарсы қастандық қылмыстары үшін жауапкершілік тағайындалған. Олардың ішінде, меншікке қарсы қылмыстық қастандықтың кең таралған түрлерінің бірі ретінде, алаяқтық ерекше орын алады.

Алайда, қоғам дамуының жаңа жағдайында меншікке қарсы қылмыстар жөнінде біздің түсінігіміз елеулі түрде өзгерген. Жаңа экономикалық жағдайда бұрын меншіктің жекелеген түрлерін бөліп қарастыратын сипаттар жойылған. Сондықтан, қолданылып жүрген қылмыстық заңды заман талабына қарай, әсіресе, меншік түрлеріне қатысы жөнінде қайта қараса артық болмас еді.

Республика Конституциясында атап көрсетілген, меншік теңдігі жөніндегі қағиданы қылмыстық-құқықтық нормалармен қамту қажет. Бұл - біздің құқықтық реформа жөніндегі мемлекеттік бағдарламамыздың негізі болып табылады.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық кодексінің арнайы қағидасындағы бүкіл меншікке қарсы қылмыстардың бір тарауға тоғыстырылуын едәуір ілгерілеу, Конституция бастауларына жақындау деп есептейміз.

Біздің бұл жұмысымызда алаяқтық жасап, мүлікті ұрлауға тағайындалған жауапкершілік жан-жақты қарастырылған. Бұл қылмыстың мазмұнын неғұрлым кеңірек ашатын және оған ұқсас басқа қылмыстардан айыратын белгілер терең анықталған. Меншікке байланысты қылмыстарды бағалағанда, қылмыскерлердің өзінің қаншалықты қауіпті екендігіне назар аударылады. Олар біздің қоғамымыздың негізгі Конституциялық қағидасы - қандай қылмыс болса да, меншікке қол сұғылмау қағидасын бұзады.

Алаяқтықтың қылмыс екенін жұрттың бәрі біледі, бірақ, бұл қылмыспен күрестің көкейкестілігін әркім түсіне бермейді. Сондықтан, қоғам дамуының қазіргі жағдайында бұл қылмысты тереңірек зерттеу қажет. Ең маңыздысы, алаяқтықты басқа ұқсас қылмыстардан бөліп алып, дұрыс бағалау жөнінде әркім өз пікірін айтуы қажет деп есептеймін.

Бірақ мен өз мақаламда ұсынғым келіп отырған әдіс алаяқтықпен күресу емес оның алдын алу, қазақта мақал бар емес пе? “Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде” деген.

Интернет алаяқтықтың орынын болдырмаудың көптеген әдістері бар. Өзіміздің жеке ақпараттарымызды (аты-жөнімізді, туған күніміз, от-басымызға немесе жұмысымызға қатысты және т.б.) интернет кафелерде, клубтарда және мейрамханаларда берілетін қағаздарда немесе кітапшаларда қалдырудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Бейтаныс хаттар мен қоңырауларға жауап бермеу және өзімізге қажетті мәліметтер сақталатын виртуалды жәшіктеріміздің құпия сөздерін (пароль) қиын әріптер мен сандарды қолдану арқылы жиі ауыстырып отыру керек.

Түйінді мәселе алаяқтыққа келер болсақ, біздің ұсынысым Халыққа Қызмет Көрсету (ХҚК) ортылығы жанынан жаңадан ұйым немесе жауапты орталықтанған орган құру керек. Ол органға немесе ұйымға тек пәтерін сатқысы келетін азаматтар міндетті түрде есепке алынуы қажет. Есепке тұрмай яғни органды немесе ұйымды хабардар етпей сатып жіберген немесе сатуға тырысқан азаматтарға белгілі түрде әкімшілік айыппұл салынып жазалануы керек. Тіркелу үшін пәтердің пәтерді растайтын және пәтердің иесі екенін растайтын қажетті құжаттардың түп нұсқасы талап етілу керек.

Тіркелген пәтерлер тізімі барлық азаматтарға қол жетімді болуы маңызды, тізімді ҚР Электронды Үкімет egov.kz порталынан жаңа бөлім ашып сонда көрсету қажет. Сонда азаматтар сатып алғысы келіп отырған пәтерін сол порталдан қарап заңды немесе заңсыз екенін біле алады. Егер дәл сол пәтер сол тізімде болмаса сатып алушы осы органға хабарлауы тиіс, сонда арнайы тексеріс органдары барып айыппұл салады немесе кім білер бәлкім көптен бері құқық қорғау органдарының уысына түспей жүрген тағы бір алаяқтың азаюына септігін тигізіп қалар.

Жұмысымызды түйіндей келіп, мынандай қорытындыларға келуге болар едік:

Қылмыстық Кодексті адам баласының ең алғашқы табиғи құқықтары мен бостандықтарын заңмен қорғалатын ең мәртебелі әлеуметтік құндылықтар ретінде қарастырып, қылмыс түсінігін саясаттан және идеологиядан алшақтатып, азаматтық жеке құқықтық қоғам дәрежесіне лайықтау қажет.

Мақаламызды қорыта келіп, меншікке қарсы қылмыстар жөнінде айтқанда, оның ішінде тақырыбымызға тікелей қатысты алаяқтық тұрғысында шешілмеген көптеген мәселелер бар. Бұл арада біздің жинаған көптеген есеп-санақ мәліметтерімізді келтіре отыра, тұжырымдап айтсақ, алаяқтық асқынып барады, оның ғылыми-құқықтық негізі терең талдануы қажет.

Біздің бұл мақаламыз меншікке қарсы бағытталған алаяқтық сияқты қылмыстың бүгешігесіне дейін қарастырды дей алмаймыз, алайда, статистикадан, құқықтық теория мен тәжірибеден, Қазақстан Республикасының құқық қолдану тәжірибесінен қорытқан кейбір ойларымыздың нәтижесі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы 1995ж. 30 тамыз
2. Ағыбаев А.Н. ҚР Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Алматы: Жеті Жарғы, 2015ж
3. Клепицкий И. Мошеничество и нарушение гражданско правового характера// Законность 7, 1995с.52.
4. <http://prokuror.gov.kz>
6. ҚР Қылмыстық кодексі 2014ж. 3 шілде № 226-V

УДК 343.97

БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ В РЕСПУБЛИКЕ БЕЛАРУСЬ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И МЕТОДЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИОННЫМ ПРОЯВЛЕНИЯМ

Ефремов Максим Дмитриевич
maksimefremov2015@mail.ru

студент Могилевского государственного университета имени А.А. Кулешова, Могилев,
Республика Беларусь
Научный руководитель – А.Ю. Рыжанков

Проблема коррупции, несмотря на постоянную деятельность правоохранительных органов по борьбе с ней, все еще актуальна для Республики Беларуси. Хотя белорусские чиновники и начальники всех мастей, имеют хорошие заработные платы и многочисленные